

Қызылорда облысының әкімшілік-аумақтық құрылысының кейбір мәселелері туралы

Бірлескен Қызылорда облысы әкімдігінің 2019 жылғы 12 желтоқсандағы № 118 қаулысы және Қызылорда облыстық мәслихатының 2019 жылғы 12 желтоқсандағы № 390 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 24 желтоқсанда № 7044 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 3-бабының б) тармақшасына және 11-бабының 3) тармақшасына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Қызылорда облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қызылорда облысы Қызылорда қаласының Ақжарма ауылдық округінің мынадай елді мекендері:

- 1) Кубас елді мекені Талдыарал елді мекенінің құрамына енгізілсін;
- 2) Қалғандария елді мекені таратылсын.

2. Осы бірлескен қаулы мен шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі
Қызылорда облыстық мәслихатының
кезекті 40-сессиясының төрағасы,
Қызылорда облыстық
мәслихатының хатшысы

К. Искаков

К. Бисенов